

## **№67 гимназиясы мектепішілік жалпы ата-аналар жиналышы**

Тақырып: «БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ  
МЕКТЕПТЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІ»

### **Хаттама №1**

**Күні:** 13 кыркүйек 2019 жыл  
**Уақыты:** 18.00  
**Отілетін орны:** АКТ залы  
**Катысушылар:** 2-4 сынып – 520 ата-ана  
5-11 сынып- 465 ата-ана

### **Күн тәртібі:**

1. 2019-2020 оку жылындағы оқу-тәрбие үдерісі:

- *Жаңартылған білім мазмұнындағы сыныптар;*
- *Оқу бағдарламасындағы өзгерістер;*
- *Қалалық пилоттық жобалар мен инновациялық эксперименттер*
- *Мектеп бюджетіндегі қаржының жұмысалу есебі*
- *Ата-аналардан заңсыз ақша жинауга тиым салу туралы-*

Г. Абдраманова гимназия директоры

2. Оқушының оқу жетістігін критериалды бағалаудың тиімділігі-

С. Абылқасова оқу ісі орынбасары

3. Күнделік kz. - Ж. Айтбағамбетова ақпараттық ісі орынбасары

4. Асханада төлем жасауды автоматтандыру жүйесі- kazgylym орталығы

5. «Мектепке жол» акциясы көпбалалы , аз қамтылған отбасы балаларына әлеуметтік жәрдем- А. Алжаппарова әлеуметтік педагог

6. Қосымша білім беру- үйірме жұмыстары – Б. Бұлғиев ТЖО

### **Тыңдалды:**

Гимназия директоры Г. Абдраманова ата-аналар жиналышының күн тәртібімен таныстырып, жаңа оқу жылындағы атқарылатын жұмыстарды атап көрсетті.

1. 2019-2020 оқу жылындағы оқу-тәрбие үдерісі бойынша жаңартылған білім мазмұнындағы сыныптар 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10- сыйыптар жаңартылған білім мазмұны бойынша, ал 11-сыныптар 2013 жылы бекітілген оқу бағдарламаларымен білім алады.

2. Астана қаласы Білім басқармасы білім беруді жаңғырту орталығы қалалық пилоттық жобалар мен инновациялық эксперименттер:

- «STEM» -оқыту
- «Бағдарламалау негіздері»
- «Кадет сыйыптар»

- «Эмоционалды интеллект»
- «Самғау»
- «Латын әліпбі»
- «Lesson Study» сабакты зерттеу
- «Ұлттық мұра» платформасы
- «Бақытты отбасы» жобасы рухани жаңғыру бағдарламасы
- «Таза Қазақстан» жобасы

Мектеп бюджетіндегі қаржының жұмсалу есебі: мектептің жазғы жөндеу жұмыстары, көпбалалы, аз қамтылған отбасы балаларына әлеуметтік көмектің көрсетілуі және оқушылардың жазғы каникул кезінде қала сыртындағы, мектепшілік тынығы лагеріне тегін демалуына қаржының бөлінгені жайында атап көрсетіп өтті.

Гимназия директоры Г. Абдраманова 1-11 сынып жетекшілерінің сыныптар бойынша заңсыз ақша жинауга қатаң тиым салу туралы ата-аналар жиналышының күн тәртібіне енгізу тапсырылды. Ата-аналардан сынып, мектеп тазалығын сақтауға және жөндеу жұмыстарына, қурал-жабдықтарды, жиһазды сатып алуға, педагогикалық ұжымға сыйлықтарға, мерекелерге қарсы іс-шаралар өткізуге және басқаларға мәжбүрлеп ақша қаражаттарын жинауга тыйым салынуы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізуге мектеп директорының бұйрығы шығарылғанын атап айттылды. Сыйлық алуға, мектептің жөндеу жұмыстары т.б себептерге заңсыз ақша жинауга қатаң тиым салу туралы арнайы көрсетіліп барлық сыныптардағы ата-аналарға таныстыру тапсырылғаны жайында атап өтті.

2. Оқушының оқу жетістігін критериалды бағалаудың тиімділігі тақырыбында бастауыш сыныптар бойынша Г. Бектемирова, 5-11 сыныптар бойынша С. Абылқасова оқу ісі орынбасарлары қалыптастыруши. Жиынтық бағалау туралы ата-аналарға түсіндірме жасады.
3. Оқушы білімін электронды жүйеде жүргізу және ата-аналар «Күнделік kz.» ашып, қарап отыру жөнінде директордың ақпараттық ісі орынбасары Ж. Айтбағамбетова нұскаулықпен таныстырды.
4. Асханада төлем жасауды автоматтандыру жүйесі- kazgylum орталығы жоба менеджері Асет Отарбаев оқушылар асханадан тамақтануды енді карточкалық жүйе арқылы жасайтынын және оны қалай қолдану ережесін түсіндіріп, арнайы бейнеролик түрінде де таныстырды.
5. «Мектепке жол» акцизы көпбалалы, аз қамтылған отбасы балаларына әлеуметтік жәрдемнің берілгені жайында әлеуметтік педагог А. Алжаппарова сөйлемді. Жазғы маусым кезінен бастап мектепте көрбалалы, аз қамтылған. Тұрмысы төмен отбасы балаларының тізімі жасалып, күжаттары бойынша сараланып, тиісті көмектер: сертификат, оқу-қуралдары, киім түрінде, жол ақы билет, ыстық тамақпен қамтылуы және жазғы лагерге оқушылардың тегін қамтылғанын атап көрсетті.
6. Гимназияда оқу жылында оқушылардың қосымша білім берумен қамтылуы туралы директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Б. Бұлғиев үйірмелердің түрлерін, олардың сыныптары мен жетекшілерін атады.

Мектептегі әлеуметтік жағдайыне байланысты тегін үйірмеге және ақылы қызметтер бойынша женілдікпен қатысу мүмкіндігі таныстырылды.

Қаулы:

1. 2019-2020 оку жылындағы оку-тәрбие үдерісін жүргізу, инновациялық жобаларды енгізу және бақылау гимназия әкімшілігіне жүктелді.
2. Пәндік білім берудегі оку мен оқытуда оқушының оку жетістігін критериалды бағалауды тиімді жүргізу пән мұғалімдеріне тапсырылып, басшылық пен бақылау жасау оку ісі орынбасарларына жүктелді.
3. Күнделік kz. Жүйесін пән мұғалімдері, сынып жетекшілері тиісті кестелерді толықтырып отыру және ата-аналардың логин паролімен ашып кіруіне, танысуына, ұсыныстар білдіру туралы ақпараттық ісі орынбасары Ж. Айтбағамбетова басшылық жасайды.
4. Асханада төлем жасауды автоматтандыру жүйесі барлық оқушыларға толық қамтылу- сыйып жетекшілер мен ата-аналарға тапсырылады, карточканың , терминал қызметін қадағалау «kazgylum» орталығына жүктеледі.
5. «Мектепке жол» акциясы көпбалалы , аз қамтылған отбасы балаларына әлеуметтік жәрдем беру жұмысы жыл бойына жүргізілуді әлеуметтік педагог А. Алжаппарова тапсырылсын.
6. Мектептегі оқушыларды толықтай қосымша білім берумен үйірме жұмыстарына тарту, көпбалалы, аз қамтылған отбасы балаларына тегін, ақылы қызмет женілдікпен жүргізілуді қарастыру директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

Гимназия директоры



Г. Абдраманова